

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ, КРИМИНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТІК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ УГОЛОВНОГО ПРАВА, КРИМИНОЛОГИИ И УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССУАЛЬНОГО ПРАВА CURRENT ISSUES IN CRIMINAL LAW, CRIMINOLOGY AND CRIMINAL PROCEDURAL LAW

<https://doi.org/10.31489/2026L1/137-146>
ӘОЖ 343/811

Мақаланың редакцияға түскен күні: 19.11.2025 ж. |
Қабылданған күні: 14.01.2026 ж. | Интернетте жарияланған күні: 30.03.2026 ж.

Н. Жаксыбеков¹ , А. Әбдіжәми^{2*} 

¹ Теміртау техникалық колледжі, Теміртау, Қазақстан;

² Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан

(² E-mail: 2859005@mail.ru, abdizhami_a@inbox.ru)

¹ ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0001-3623-1551>

² ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-3029-0398>

² Scopus Author ID: 57201686627, Researcher ID WOS: AAK-2279-2021

Қазақстанда бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындаудың және жаза атқару жүйесі мекемелеріндегі сотталғандар санын азайтудың құқықтық негіздері

Қазақстан Республикасының жаза атқару тұжырымдамасында бас бостандығынан айыру көп қолданылатын жаза түрі. Бостандығынан айыру — бұл бір жағынан қауіпсіздікті қамтамасыз ету ретінде: адам құқықтарын қылмыстық құқық бұзулардан қорғау құралы болса, екінші жағынан сотталғандардың құқықтарының бұзылмауын қамтамасыз ететін құқықтық механизм. Мақаланың мақсаты — бостандығынан айыру жазасын өтеушілердің құқықтық жағдайын жақсарту үшін Қазақстандағы бостандығынан айыру жазасын атқару мекемелерінің қызметін құқықтық жетілдіру мен жаза атқару органдары жүктемесін азайтудың нормативтік негіздерін талдау. Зерттеу барысында жүйелік-құрылымдық әдістерді қолдану тақырыпқа қатысты мемлекеттің ұстанымы мен адам құқықтарын қорғау негіздерін талдауға мүмкіндіктер берді. Статистикалық-құқықтық әдістер көмегімен бостандығынан айыруға сотталғандардың саны, түрмелердің толтырылуына қатысты ресми деректер алынды. Салыстырмалы-құқықтық әдістер арқылы бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаның алыс-жақын мемлекеттердің (Түркия, Германия және т.б.) заңдарында реттелуі қарастырылды. Жаза қолданудың негізділігі мен тиімділігін арттыруда бостандығынан айыру түріндегі жаза өтеушілерді мекемелерде ұстау жағдайлары мен адам құқықтарын қамтамасыз ету, түрме халқының санының көп болуы теріс әсер беруі мүмкін. Пенитенциарлық жүйе жүктемесінің артуы тұрғын алаңның жеткіліксіздігі, сотталғандар арасындағы қақтығыстардың көбеюі, жеке кеңістікке қол сұғылуы, тамақтану жүйесіндегі олқылықтар мен санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталмауы, сондай-ақ мекеме қызметкерлерін үнемі оқытудың шектелуі және т.б. мәселелерді туындатады. Нәтижесінде бостандығынан айыру түріндегі жаза өтеушілердің құқықтарын сақтау тетіктері ұсынылып, кейбір елдердегі бостандығынан айыру орындарында ұстаудың жағымды практикасына шолу жасау негізінде түрме халқының санын азайтудың мүмкіндіктері анықталды.

Кілт сөздер: бостандығынан айыру, жаза атқару, сотталғандар, ұстау жағдайлары, түрме реформалары, жаза атқару мекемелері, сотталғандардың санын азайту.

* Хат-хабарға арналған автор. E-mail: abdizhami_a@inbox.ru

Kipicne

Бостандығынан айыру жазасы Қазақстан Республикасының жаза атқару жүйесінде жүргізіліп жатқан құқықтық реформаларға қарамастан, әлі де жиі қолданылатын жаза болып қалып отыр. Бұл жағдай еліміздегі сотталғандар құқықтарының сақталуына ерекше назар аудару мен сотталғандарды ұстау жағдайларын халықаралық стандарттарға одан әрі сәйкестендіруді жалғастыру қажеттілігін айқындайды.

Зерттеудің мақсаты — Қазақстандағы жаза атқару мекемелері қызметін құқықтық жетілдіру мен бостандығынан айыру жазасына сотталғандардың санын азайтудың құқықтық тиімділігін айқындау және Түркия, Германия сияқты елдердің осы саладағы оң тәжірибесін еліміздегі реформаларды жүргізуде пайдаланудың мүмкіндіктерін қарастыру.

Жаза атқару мекемелеріндегі ұстау жағдайларының сапасы мен адам құқықтарының сақталуына түрме халқының саны тікелей әсер етеді. Мекемелердегі халықтың санының шамадан тыс көп болуы мемлекет алдына материалдық ресурстарды тиімді пайдалану, адам құқықтарын құрметтеуге негізделген бақылау мен қорғау жүйесін қамтамасыз ету, мекемелер қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру, сотталғандарды оңалту шараларының тиімділігін күшейту және қылмыстылықтың алдын алу тетіктерін жетілдіру секілді мәселелерді үнемі шешуді талап етеді. Осы тұрғыда сотталғандардың санын азайтуға бағытталған мүмкіндіктерді тұрақты түрде қарастыру маңызды.

Көптеген елдерде бостандығын айыру сот тағайындайтын жазаның ең қатал түрі (өлім жазасы бар елдерді қоспағанда) деп есептеледі. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін бүкіл әлемде түрме жазасы күрт өсті, дегенмен кейбір аймақтарда бұл өсу басқаларына қарағанда жылдам болды [1].

Соңғы онжылдықтарда әлемде сотталғандар санының бұрын-соңды болмаған өсуі байқалды және бүгінде әлем түрмелерінде 11 миллионнан астам адам отыр, олардың үштен бір бөлігі алдын ала қамауда немесе түпкілікті үкім күтуде [2].

«Түрмелер туралы» Дүниежүзілік баяндамада тәуелсіз елдер мен тәуелді аумақтардағы 223 түрме жүйесіндегі тұтқындардың саны туралы мәліметтер талданған [3]. Онда әлемнің барлық дерлік елдерінде түрме жазасы жиі қолданылатын жаза деп көрсетілген. Дегенмен, бостандығынан айыру түріндегі жаза сотталғанды қоғамнан толықтай оқшау ұстау болғанымен, әр мемлекеттегі ұстау жағдайлары мен мекемелердің түрлері бойынша айырмашылықтар байқалады.

Әлемдегі ең үлкен мәліметтер мен дерекқор базасы *Numbeo* есептерінде 2025 жылдың жарты жылдығындағы қылмыс деңгейі бойынша елдер рейтингінде Қазақстан 148 елдің ішінен 76-орынды иеленді. Елдегі қылмыстың жалпы деңгейі бойынша қылмыстылық индексі 45,6 (орташа деңгей) [4].

«Сотталғандар санының артуына қарамастан, түрме жүйелерін қаржыландыру көлемі іс жүзінде өсіп отырған жоқ. Соның салдарынан әлемнің көптеген елдеріндегі түрмелер дағдарысқа ұшырауда» [5]. Бұл жағдай мемлекеттердің пенитенциарлық жүйелерін белгіленген ресми сыйымдылықтан едәуір жоғары пайдалануына әкеледі. Нәтижесінде мекемелердің шамадан тыс толып кетуі, сотталғандарды ұстаудың қауіпті әрі адам құқықтарына қайшы жағдайлары туындайды.

Сонымен қатар пенитенциарлық мекемелерде бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жатқан адамдарға азаптау немесе қатыгез, адамдық қадір-қасиетін қорлайтын қарым-қатынас жасау қауіп объективті түрде жоғары. Мұндай тәуекел осал санаттарға жататын сотталғандар үшін (әйелдер, кәмелетке толмағандар, психикалық ауытқулары бар адамдар, денсаулық жағдайы бойынша мүмкіндіктері шектеулі шетелдіктер және т.б.) бірнеше есе артады [6].

Тағы бір назар аударатын мәселе — жазасын өтеп шыққан сотталғандармен жұмыстың күрделілігінде. Оларды қоғамға бейімдеу бағдарламалары мен пробациялық қызметтің, сотталғандарды жұмыспен қамту мүмкіндіктерінің шектеулі сипаты сотталғанды түзеу мақсатын толығымен жүзеге асыруға кедергі келтіреді.

Берілген мәліметтер бостандығынан айыру жазасының әлемдік қылмыстық саясаттағы орталық рөлін және оның кең ауқымда қолданылуын көрсетеді. Бұл жазаның жазалау ғана емес, қоғамды қорғау құралы ретінде қарастырылатынын дәлелдейді. Сотталғандар санының жаһандық деңгейде өсуі қылмыстық заңнамадағы қатаңдықтың артуымен қатар, баламалы жазалар тетіктерінің жеткіліксіз дамығанын аңғартады. Алдын ала қамауда отырған адамдардың жоғары үлесі кінәсіздік презумпциясы мен әділ сотқа қол жеткізу принциптерінің толық сақталмау тәуекелін туындатады. Әр түрлі мемлекеттердегі ұстау жағдайларының айырмашылығы халықаралық адам құқықтары стандарттарының ұлттық деңгейде біркелкі орындалмай отырғанын көрсетеді. Қазақстанның қылмыстылық индексінің орташа деңгейде (елімізде қауіпсіздік көрсеткіші (қылмыс деңгейін қабылдау, қаладағы қауіпсіздік, зорлық-зомбылық, мүліктік қылмыстардың ауырлығы және

қоғамдық қудалау) 54,4 % шегінде) болуы қылмыстық саясатты гуманизациялау мен жазаның баламалы түрлерін кеңейтуге негіз бар екенін білдіреді.

Сондықтан бостандығынан айыруды қолдану шектерін қайта қарау және қылмыстық атқару жүйесін реформалау құқықтық мемлекеттің және адам құқықтарын қорғаудың маңызды бағыты.

Әдістер мен материалдар

Мақаланың мақсатына қол жеткізу үшін жүйелік-құрылымдық, статистикалық-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық әдістер қолданылды. Қазақстандағы жаза атқару жүйесінің адам құқықтары, мемлекеттік саясат пен қылмыстық сот төрелігімен байланысы және түрме халқының құқықтарын қорғау негіздері жүйелік-құрылымдық әдістің көмегімен талданды. Мемлекеттік және халықаралық органдардың есептері негізінде бостандығынан айыру жазасының жиі қолданылуы, сотталғандарды ұстау жағдайларына қатысты ресми базаны қалыптастыруға статистикалық-құқықтық әдіс көмектесті. Қазақстанның қылмыстық атқару жүйесін тиімді реформалаудың бағыттарын айқындау үшін салыстырмалы-құқықтық әдіске жүгіндік. Ол Түркия, Германия және тағы басқа елдердің жаза саясаты, сотталғандарды ұстау стандарттары мен түрме халқының санын азайтуға бағытталған тәжірибелерін пайдалану мүмкіндіктерін көрсетті.

Зерттеудің базасын БҰҰ-ның 1955 жылы 30 тамызда қабылдаған «Қамаудағы адамдармен қарым-қатынастың ең төменгі стандарттық Ережелері», Қазақстан Республикасының Конституциясы, қолданыстағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, Қылмыстық атқару кодексі және және кейбір шет мемлекеттердің жаза атқарумен байланысты заңдары құрайды.

Сонымен қатар зерттеуде ірі халықаралық агенттіктердің базаларындағы (Адам құқықтары жөніндегі бюро, World Prison Brief, Institute for Criminal Policy Research at Birkbeck және т.б.) статистикалық мәліметтер алынды. Олар қылмыстылық бойынша, соның ішінде түрме халқының (тергеу изоляторлары мен пенитенциарлық мекемелерде жаза өтеушілер) саны бойынша мемлекеттердің ресми құқық қорғау органдары берген сандық деректерге қол жетімділікті арттырды.

Зерттеу барысында ғылыми журналдар мен электрондық базалардағы тақырыпқа қатысты ғылыми мақалалар іріктеліп, пайдаланылды.

Нәтижелер

Зерттеу нәтижесінде бостандығынан айыру жазасын өтеушілердің жағдайын жақсартып, сотталғандарды ұстаумен, олардың құқықтарын қорғаумен байланысты жаза атқару мекемелері қызметінің тиімділігін арттыруды, түрме халқының санын оңтайландыру мүмкіндіктерін ғылыми тұрғыда терең талданды.

Бостандығынан айыруға соттау сотталғанның түзелуінің кепілі бола алмайды. Тиісті қаржыландырудың жеткіліксіздігі (ұстау жағдайын төмендетеді), қызметкерлердің біліктілігінің төмендігі (сотталғандардың құқықтарын құрметтеу, зорлық-зомбылыққа жол бермеу, жеке қауіпсіздігін бақылау мәселелері және т.б.), пробация қызметінің қол жетімсіздігі, қоғам тарапынан қолдаудың болмауы сотталғанның түзелуіне кедергі келтіреді.

Жекелеген шет мемлекеттердің бостандығынан айыру жазасы саласындағы реформаларын зерттеу нәтижесінде Түркия түрме реформаларының тиімділігі анықталды. Онда мекемелерді мемлекеттік әлеуметтік шарттар есебінен жаңартуы, түрме халқының санын соңғы уақытта 20-25 %-ға төмендетуі, пробациялық қызметтің жоғары деңгейде ұйымдастыруы қызықтырды.

Қазақстан үшін Германия тәжірибесі қылмыскерлер үшін айыппұл жазасын қатаң қолдану арқылы ел бюджетін толықтырып қана қоймай, оларды бостандыққа шыққаннан кейінгі әлеуметтендіру шығындарын азайтуы теориялық және практикалық мәнге ие. Сондай-ақ, сотталғандардың қайтадан қылмыс жасауының алдын алуына, түрме халқы санының онша ауыр емес және орташа ауырлықтағы қылмыскерлер есебінен артып кетпеуіне де мән беріп отырғанымен тиімді.

Түрме халқының санын азайту сотталғандарды ұстаудың минималды стандарттарын қамтамасыз ету арқылы олардың құқықтарының сақталуына, жазасын өтегеннен кейін қайтадан қылмыс жасауының алдын алуға мүмкіндіктер береді.

Зерттеу нәтижесінде түрме халқының санын қысқарту үшін:

– ҚР ҚК 46-бабын мынадай бөлікпен толықтыру ұсынылды: «Бостандығынан айыру жазасы осы Кодексте көзделген онша ауыр емес, орташа ауыр қылмыстарды жасағаны үшін басқа жаза қолдану сотталғанның түзелуіне мүмкіндік бермейтін жағдайларда ғана қолданылады». Бұл сотталғанның қоғамға қауіптілігін ескеруге, бостандығынан айыру жазасын баламалы жазаларға алмастырып қолдану мүмкіндіктерін заңмен бекітеді;

– кінәсі сотта дәлелденгенге дейін онша ауыр емес қылмысты жасағандарды алдын ала қамауды заңнамалық шектеу үшін ҚР ҚК 46-бабының 5-бөлігінің 1-тармағына келесідей норманы енгізу ұсынылды: «Осы тармақта көзделген адамдарды сот үкімі заңды күшіне енгенге дейін уақытша ұстау изоляторында ұстауға болмайды»;

Қазақстандағы бостандығынан айыру жазасын атқару мекемелерінің қызметін құқықтық жетілдіру мен жаза атқару органдары жүктемесін азайтуды жалғастыру үшін келесі шараларды кешенді түрде жалғастыру қажет:

– бостандығынан айыру орындарында отырған адамдардың құқықтарының халықаралық стандарттарға сәйкес болуын қамтамасыз ету үшін жаза атқару жүйесі мекемелерін жаңғыртуды жалғастырып, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында заманауи мекемелер салу тетіктерін қарастырып, мемлекет тарапынан қаржылық қолдау көрсету керектігі анықталды;

– мекеме қызметкерлерін оқыту, сотталғандармен қатынасты құрметтеуге құру, қызметкерлерге лайықты жалақы мен әлеуметтік қолдау пакетін қалыптастыру;

– бостандығынан айырылғандарға қатысты оңалту мен қоғамға әлеуметтендіруге бағытталған шараларының мүмкіндіктерін толық пайдалану үшін сотталғандардың қоғаммен байланысын нығайту, еңбекке баулу, жаңа мамандықтар алуы үшін оқыту;

– бостандығынан айыруға сотталғандардың қоғамға оралуының табыстылығын қамтамасыз ету үшін қоғам тарапынан қолдау үшін халық арасында түсіндірме жұмыстарын тұрақты жүргізу, оларға қоғамның сенімін күшейту;

– бостандыққа шыққандарды тұрақты жұмыспен және тұрғын үймен қамту тетіктерін мемлекеттік деңгейде ұйымдастыру, жеңілдікпен үй алу мүмкіндіктерін қарастыру;

– пробациялық қызметтің жүктемесін сотталғандарды жаза атқару мекемелеріндегі оңалту шаралары арқылы шешу.

Осының бәрі сотталғандарды ұстаудың халықаралық стандарттарына сай қорғалуына кепілдік беріп қана қоймай, сотталғандарды ұстау кезінде адамның ар-намысына қол сұқпау, азаптауға жол бермеуден бастап, еңбек ету, медициналық көмек алу, білім алу, психологиялық қолдау, жақындарымен кездесу құқықтарын заңнамалық біріздендіруге ықпал етеді.

Талқылау

Қазақстан Республикасы қылмыстық атқару жазасы саясатының құқықтық негізі адам құқықтарын қорғауға бағытталған конституциялық принциптерге сүйенеді. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Конституциясының 16-бабында әркімнің жеке басының бостандығына құқығы және тек қана заң негізінде сот санкциясы болған жағдайда тұтқындалатыны және қамауда ұсталатыны бекітілген. Қылмыстық Кодекстің 4-бабында қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізін қылмыстық құқықбұзу жасау деп табылатынын бекіткен. Тек қана кінәлі деп танылған адамға сот жаза тағайындайды және тек Кодексте көзделген қылмыс құрамдары үшін қоғамнан оқшаулайтын жаза түрі — «бостандығынан айыруды» қолдануға болады. Осы құқықтық нормалар бостандығынан айыру жазасының шектеулі сипатта қолданылуы тиіс екенін айғақтайды.

Ұлттық ұстанымдар халықаралық стандарттармен тығыз байланысты. Бостандықтан айыру жазасын орындау барысында БҰҰ-ның «Қылмыстылықтың алдын алу және құқық бұзушылармен жұмыс істеу жөніндегі» 1955 жылы 30 тамызда өткен Бірінші конгресінде қабылданған «Қамаудағы адамдармен қарым-қатынастың ең төменгі стандарттық Ережелері» басшылыққа алынуы тиіс. Осыған сәйкес, қылмыскерлерді қамауға алу және оларды ұстау процесі адамның қадір-қасиетіне, ар-намысына қол сұқпай, адам құқықтарын сақтай отырып жүзеге асырылуға міндетті.

Адам құқықтары адамның өзіне тән қадір-қасиетінен туындайды*. Бас бостандығынан айырылған барлық адамдар адамгершілік қарым-қатынасқа құқылы және адамның жеке басына тән қадір-қасиетін құрметтеуге лайықты†. Ешкімді азаптауға немесе қадір-қасиетін қорлайтындай адамшылыққа жатпайтын қатыгездік жолмен жәбірлеуге немесе жазаға тартуға болмайды‡. Бұл халықаралық нормалар тұтқындаудың негізгі мақсаттарына қол жеткізу үшін қылмыскерлерді оңалту мен қайта адаптациялаудың маңыздылығын белгілеген. Оған қоса адамгершілік қағидаларына сай ең

* Конвенция против пыток и других жестоких, бесчеловечных или унижающих достоинство видов обращения и наказания [далее "КПП"], преамбула и статья, 1.

† Свод принципов защиты всех лиц, подвергаемых задержанию или заключению в какой бы то ни было форме [далее "Принципы в отношении задержания или заключения"], принцип 1; Основные принципы обращения с заключенными [далее "ОПОЗ"], принцип 1.

‡ см. "КПП", преамбула и статья 2; Кодекс поведения, статья 5.

төменгі стандарттарға сүйеніп ұстау жағдайларымен қамтамасыз етуге, адамның қоғамнан оқшаулануына қарамастан жеке басының қадір-қасиетіне, ар-намысына қол сұғылмайтындығын бекіткен.

Аталған принциптер Нельсон Мандела ережелерінде (2015 ж.) нақты дамытылған. Атап айтқанда, Ереженің 4-тармағында қамауға алу мен бостандығынан айыруға байланысты шаралардың түпкі мақсаты қоғамды қылмыстан қорғау және рецидив қаупін азайту екені көрсетіліп, бұл мақсатқа сотталғандарды жазаны өтеу кезеңінде-ақ босатылғаннан кейінгі әлеуметтік реинтеграцияға жүйелі түрде дайындау арқылы қол жеткізуге болатыны атап өтіледі. Егер түрмеде отыру кезеңі мүмкіндігінше, мұндай адамдарды босатылғаннан кейін қоғамға қайта оралту (біріктіру) үшін пайдаланылса, олар заңға бағынатын және тәуелсіз өмір сүре алатындай жағдайда болуына қол жеткізуге болар еді деп көрсеткен. Осы тұрғыда түрмелер әкімшілігі мен өзге де уәкілетті органдар сотталғандарға білім беру, кәсіптік даярлық, еңбекке тарту, сондай-ақ түзеу, моральдық, рухани, әлеуметтік, медициналық және спорттық сипаттағы өзге де қолжетімді көмек нысандарын ұсынуға міндетті. Осындай бағдарламалар қамаудағылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып іске асырылуы тиіс*.

Осы халықаралық стандарттарды іске асырудың тиімді тетіктерін айқындау және оларды ұлттық құқықтық жүйеге бейімдеу мақсатында Қазақстан Республикасының пенитенциарлық саясатын жетілдірудің ықтимал бағыты болып бостандығынан айыру жазасына тартылатын адамдар санының жалпы жазалар жүйесіндегі үлесін төмендету танылады.

Қазақстанда болжалды халық саны 19 млн 130 мың адам, түрме халқының саны 35 228 адам (еліміз 75 орында), 100 000 адамға шаққанда түрме халқының саны — 184 [7]. Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің басшылығы 2020 жылы 19 қазанда өткен брифингте Қазақстанның сотталғандар саны бойынша бұдан 18 жыл бұрын АҚШ пен Ресейден кейін алғашқы үштікке кірген кезеңмен салыстырғанда бұл көрсеткіштің жақсарғанын мәлімдеген болатын [8].

Жақсы көрсеткіштердің алғышарты болып Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 2013 жылғы «Түрме тұрғындарын азайту жөніндегі 10 шара» жобасы танылды. Жоба аясында бостандығынан айыру жазасына сотталғандардың санын азайтып, 32 орыннан 75 орынға орнықтыру мүмкін болды. Бұл жағдай, өз кезегінде, мемлекеттің қаржылық шығындарын біршама азайтуға көмектеседі. Ресурстар қамауға алу шараларын жүзеге асыру, қамауда ұсталатын адамдарды орналастыруға арналған мекемелерді ұстау, сондай-ақ белгіленген қауіпсіздік стандарттары бар, жеке әкімшілік аппараты мен персоналы қалыптасқан, медициналық, білім беру, сауықтыру, спорт және еңбек қызметтері көрсетілетін сотталғандарды ұстау инфрақұрылымын қамтамасыз ету барысында қажет.

Түрме халқының саны азайған сайын жаза атқару мекемелерінің саны да қысқарады, 2018 жылы 86 жаза атқару мекемесі, оның ішінде: 17 тергеу изоляторы, 69 әртүрлі қауіпсіздік мекемелері болса, бүгінде олардың 25-27 % жабылған. Үнемделген қаражатты сотталғандарды әлеуметтендіру, білім беру, еңбекке баулу сияқты бағдарламаларға жұмсала бастады. «1000 бизнес идея», «Жетістіктің кілті», «Сотталғандардың «100 еңбегі» секілді Жобалар аясында арнайы кітаптар шығарылып, мекемелер қамтамасыз етіліп, сотталғандарды оңалту бағдарламаларының маңыздылығын көрсетті. Оңалту адамдарға бостандыққа шыққаннан кейін заңға бағынатын өмір сүру үшін қажетті құралдарды беру арқылы сотталғанның мінез-құлқын өзгертуге ықпал етеді.

Сонымен қатар мекемелердің ғимараттары ескіруіне байланысты құлау мен үйіндінің астында қалу қаупі мүмкіндігін жоғарылатады. «Еліміздегі 16 тергеу изоляторы мен қылмыстық-атқару жүйесіне қарасты 63 пенитенциарлық мекеменің жартысынан астамы өткен ғасырдың 30-50 жылдары салынғандықтан, олардың инфрақұрылымын жаңарту жұмыстары жергілікті әкімдіктермен бірлесіп, мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында кезең-кезеңімен жүргізілуде» [9].

Мұндай жағдайлар мемлекеттің құқықтық жауапкершілігін жоғарылатуды талап етеді. Мекемелердің тозуы институционалдық сипаттағы жүйелі проблеманы айқындайды. Бұл ретте инфрақұрылымды жаңарту жұмыстары кезек күттірмей жүргізілу қажеттігін көрсетеді және мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетігі арқылы жүзеге асырылуы мемлекет тарапынан оң қадам ретінде бағалануы мүмкін. Алайда құқықтық тұрғыдан алғанда, жаңғырту шаралары бостандығынан айырылған адамдардың қауіпсіз өмір сүруіне кепілдік беретін ең төменгі стандарттарды бұзбауы тиіс. Ескірген ғимараттарда сотталғандарды ұстау жағдайлары адам құқықтарының халықаралық стандарттарға тиісті деңгейде сай болмауына әкелуі мүмкін.

* https://www.unodc.org/documents/justice-and-prison-reform/GA-RESOLUTION/E_ebook.pdf

Түрмелерді жаңғыртуға қатысты мәселелерді талдау үшін Түркия, Германия елдеріндегі жағдаймен салыстырмалы-құқықтық талдау жүргіздік. Аталған мемлекеттердің тәжірибесі бостандығынан айыру жазасын қолдану шегін қысқарту, балама жазалар мен пробация институтын дамыту, сотталғандарды оңалту мен қоғамға әлеуметтендіруге бағытталған шараларды күшейту тұрғысынан ғылыми әрі практикалық мәнге ие.

Түркияның тәжірибесі Еуропалық одаққа кіру талаптары аясында пенитенциарлық жүйені реформалауда адам құқықтарын күшейтуге басымдық бергенін көрсетеді. Түркияның түрме инфрақұрылымын жаңғыртуда еуропалық елдерге қарағанда американдық үлгідегі жекешелендіру элементтерін дамытудың басымдығы байқалады. Түрмелерді модернизациялауда жеке меншік түрмелердің қызметіне рұқсат беру, денсаулық сақтау, білім беру және еңбек салаларында мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін енгізу кеңінен қолданылуда. XX ғасырдың соңында, 1990-1996 жылдар аралығында, сотталғандарды ұстау жағдайын жақсарту мақсатында он алты жеке түрменің іске қосылуы осы үрдістің бастауы болды. Кейінгі жылдары, 2016-2021 жылдар аралығында 135 түрме мен кәмелетке толмағанға арналған орталықтар, сондай-ақ жастарға арналған 18 түрме және әйелдерге арналған 11 түрме жаңадан салынды [10].

Авторлардың пікірінше, жаңа үлгідегі түрмелер санының артуы сотталғандарды ұстау жағдайларының түбегейлі жақсарғанын емес, керісінше түрме халқының санының артып отырғанын көрсетуде. Түркияда түрме халқының саны 314 375 адам болса, 100 000 адамға 366 адамнан келеді [7, 14]. Бұл көрсеткіш Қазақстанмен салыстырғанда 2 есе жоғары болғанымен, Түркия халқының саны 85 миллионнан асатынын, яғни Қазақстаннан 4 есе көп екенін ескеру қажет. Осыған қарамастан, Еуропадағы түрмелер мен тұтқындар жөніндегі SPACE I (2024): зерттеуі қорытындыларында Түркия түрмелеріндегі толымдылық деңгейінің әлі де жоғары екенін, 100 орынға 102 сотталғаннан келетінін айқындайды [11]. Демек, инфрақұрылымдық кенею мәселенің түпкілікті шешімі бола алмайтынын дәлелдейді. Дей тұрғанмен, сарапшылар «Түркияда түрмелердің толып кетуі еуропалық қылмыстық-атқару жүйелеріндегі шиеленістің айқын көрсеткіштерінің бірі болып қала береді. Мекемелер жүктемесін азайту үшін Түркия пробация қызметі мен балама жаза жүйесін жетілдіруді жалғастыру арқылы ұлттық жаза саясатының тиімділігін арттыра бермек» деп жазады [12].

Авторлар үшін Түркия тәжірибесі маңызды бір оң өзгерісті байқатты: жеке меншік түрмелерді дамыту мекемелер жүктемесін азайту мақсатын ғана емес, бостандығынан айыру жазасын тек ауыр және аса ауыр қылмыстар үшін қолдануды кеңейтуде. Сонымен бірге аталған реформалар пробация институтының рөлін күшейту және сотталғандарды қоғамға қайта бейімдеу тетіктерін жетілдірумен қатар жүргізілуде. Нәтижесінде Түркия Статистика институтының ресми деректеріне сәйкес, 2020 жылғы 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша түрме халқының саны 266 831 адамды құраған. Бұл 2019 жылмен салыстырғанда 8,5 %-ға төмендеген [13]. Бұл көрсеткіш балама жазалар мен пробацияның тиімділігін дәлелдейді. Сот бостандығынан айыруды оның басқа баламасы болмаған жағдайда тағайындайды және жаза өтеу барысында сотталғанның түзелуі үшін білім беру, кәсіп игеру, қоғамға оралу кезіндегі дағдыларды дамытудың маңыздылығын байқатты.

Тағы бір назар аударарлық жайт — Түркияда пробация қызметі аясында «отбасыларға орналастыру» тәжірибесін енгізе бастауы. Модель сотталғандардың шалғай ауылдардағы жеке тұрғын үйлерде тұрып, ауыл шаруашылығымен, қолөнершілікпен айналысуына, білім алуына және отбасылық ортаға жақын жағдайда өмір сүруіне мүмкіндік берді. Мұндай тәсіл сотталғандардың әлеуметтік байланыстарын сақтауға, психикалық жағдайының тұрақтылығына және қылмыстар қайталануының алдын алуға ықпал етеді.

Қазақстанда да пробация институтын дамыту бағытында оң қадамдар жасалып отырғанымен, пробация қызметкерлерінің жеткіліксіздігі, бақылау тетіктерінің әлсіздігі және институционалдық жүктеменің шамадан тыс болуы пробациялық іс-шараларды жоғары деңгейде ұйымдастыру мен бұл жүйенің әлеуетін толық іске асыруға мүмкіндік бермей отыр. Сотталғандардың жазасын өтегеннен кейін пробация органына өз еркімен барып тіркелуі формальды сипатқа ие болып, әлеуметтік оңалту шараларымен әрдайым ұштаса бермейді. Ол шаралардың басым бөлігін ұйымдастыру қосымша күш пен жігерді, материалдық ресурстарды, тіпті үкіметтік емес ұйымдар тарапынан белсенді іс-шараларды өткізуге тәуелділікті қажет ететіні шындық. Осыған байланысты қазақстандық автор Е.И. Исибаева «Өкінішке орай, еліміздегі қоғамдық-саяси жағдайлардың көпшілігі сотталғандарды әлеуметтік оңалтуға әлі де қолайлы емес» деген пікірі орынды [14].

Уақытша ұстау изоляторларындағы адамдар саны да түрме халқының санын едәуір көбейтіп отыр. Кінәсі сотта дәлелденгенге дейін алдын ала қамауға алуды шектеу, әсіресе онша ауыр емес қылмыстар бойынша, адам құқықтарын қорғаудың тиімді тетігі бола алады. Осы кезеңде кінәсі

дәлелденгенге дейін біріншіден, мемлекеттің қаражаты үнемделеді, екіншіден адам өзінің отбасын асырауын жалғастырып, жұмысын істеуге мүмкіндігі болады. Ол болса мемлекеттің әлеуметтік шығындарын төмендетуге ықпал етеді. «Қоғамдық мүдделер, басқа адамдардың құқықтары, жәбірленушінің әрекеттері-қаншалықты қауіпті немесе қатыгез болса да азаптауды ақтай алмайды» [15] деген пікір дұрыс келтірілген. Бұл ретте алдын ала қамаудың қолданылу критерийлерін нақты әрі қатаң айқындау керек, себебі ол бір жағынан қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс болса, екінші жағынан кінәсіздік презумпциясын бұзбауы керек.

Осы тұрғыда Германияның сотқа дейінгі қамау тәжірибесі назар аудартады. Бұл елде алдын ала қамау тек ерекше жағдайларда қолданылады. Өйткені сотталмаған адам қамауға алынатындықтан, адамды сотқа дейінгі қамауда ұстау кінәсіздік презумпциясына қайшы болады. Неміс доктринасында сотқа дейінгі қамауда ұстау бостандығынан айыру жазасының орындалуына кепілдік беруі керек және қылмыстық іс жүргізудің тиімділігін қамтамасыз ететін, бірақ қатаң алгоритмдері бар шектелген шара ретінде қарастырады [16]. Сол себепті, неміс түрмелерінде зорлық-зомбылықпен байланысты қылмыстар үшін сотталғандардың саны артқанмен, меншікке қарсы, есірткінің айналымына қарсы қылмыстардың саны азайған.

Германияда сотталғандардың әлеуметтік байланыстарын жоғалтпауға немесе жұмысынан айырылмауына қатты қарайды, сондықтан сотталғандардың жағдайы бас бостандығынан айыру арқылы жақсармауы мүмкін деп есептейді. Сол себепті кез келген бостандығынан айыру жазасының баламасы — айыппұл салу. Айыппұлды төлеу мүмкіндігі болмаған жағдайда мемлекет сотталғанның қаржылық жағдайын жақсартуға бағытталған әлеуметтік жобаларды іске асырады. Мысалы, әр федералдық округте «Schwitzen statt Sitzen» жобасы арқылы бір сотталғанды ұстау шығындарын күніне 120 еуродан 52 еуроға дейін қысқартуға мүмкіндік туындаған [17]. Бұл тәсіл бюджет қаражатын үнемдеумен қатар, сотталғандардың әлеуметтік бейімделуіне де оң әсер етеді. Германияның мемлекет қаражатына деген үнемшілдігі мен сотталғанға қолданылатын ең соңғы жаза ретінде бостандығынан айыруды қолдану тәжірибесі түрме халқының санын төмендетуге өз ықпалын тигізуде. Түрмеге тоғытылғандардың өзін еңбекпен қамтамасыз ету, тұрмыстық қалдықтарды өңдеу саласына тартуы да бұл елдің түрме реформаларының тиімділігін айқындайды.

Қорытынды

Талдау көрсеткендей, еліміздегі түрме халқының санын азайту тек қылмыстық саясатты ізгілендірумен байланысты емес, ол сотталғандардың құқықтарының сақталуының, оның қоғамға қауіпсіз болып оралуының кепілі болуы керек.

Құқықтық реформалар түрмедегі жағдайды жақсарту, бостандығынан айыру жазасын қолдануды барынша шектеу, айыппұл салу түріндегі баламалы жазаларға басымдық беру, оңалту бағдарламалары мен пробация институтын дамыту, алдын ала қамауды қатаң критерийлермен қолдануға бағытталуы тиіс.

Бостандығынан айыру жазасын Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 52-бабына сәйкес жаза тағайындаудың жалпы негіздерін басшылыққа ала отырып, басқа жаза түрі жаза мақсаттарына жетуге мүмкіндік бермейтіні анық болған жағдайда ғана қолдану нормасы мен заң аналогиясын қолдануға тыйым салынатынын ескеріп толықтыру ұсынылды.

Түркияның балама санкцияларды кеңейту мен пробация қызметін нығайтудағы тәжірибелері, сотталғандарға «отбасындағыдай» жағдай жасауының артықшылықтары Қазақстанның қылмыстық атқару жүйесі саласында бостандығынан айыруға сотталғандармен қатынастың проблемаларын ашып көрсетті.

Еліміздің қылмыстық атқару жүйесі мекемелеріне аталған тәжірибені енгізудің мүмкіндіктерін пилоттық жоба ретінде жүзеге асыру тетіктерін қарастыру қажет. Сотталғанды жазасын өтегеннен кейін пробациялық бақылауға берудің тиімсіздігін, жаза орындау барысында жүргізілетін оңалту шараларының әлдеқайда тиімділігін ескеру қажет.

Біздің елімізде мекемелердегі сотталғандарды еңбекке тарту, халықаралық стандарттарға сай келетін жағдаймен қамтамасыз ету, әртүрлі әлеуметтік бейімдеу бағдарламаларын жүзеге асыруды жалғастыру арқылы қылмыстық атқару жүйесін реформалауды шетелдік озық тәжірибелерді басшылыққа ала отырып жалғастыруды тоқтатпауы тиіс.

Аталған елдердің тәжірибесі адам құқықтарын қорғау қағидаларын нығайтады, сотталғандардың құқықтық жағдайын жақсартады және пенитенциарлық мекемелердегі жүктемені азайтады, бостандығынан айыру жазасын тағайындаудың шектерін заңнамада нақтылайды. Нәтижесінде жаза атқару мекемелерін ұстауға қатысты бюджеттік шығыстарды төмендетуге мүмкіндіктер береді.

Қорыта айтқанда, бостандығынан айыру жазасына сотталғандардың құқықтарын қорғау қылмыстық атқару саласын реформалаудың маңызды бағыты болып қала береді.

Бұл зерттеу қаржыландырылмады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Coyle A. A Human Rights Approach to Prison Management: Handbook for Prison Staff [Electronic resource] / A. Coyle, H. Fair. — 3rd ed. — London: Institute for Criminal Policy Research (ICPR), Birkbeck, University of London, 2018. — 290 p. — Access mode: https://www.prisonstudies.org/sites/default/files/resources/downloads/handbook_3rd_ed_english_v5_web.pdf
- 2 The Ten-country Prison Project. — [Electronic resource]. — Access mode: https://www.prisonstudies.org/research-publications?shs_term_node_tid_depth=27
- 3 Fair H. World Prison Population List. Thirteenth edition [Electronic resource] / H. Fair, R. Walmsley. — London: Institute for Crime & Justice Policy Research (ICPR), Birkbeck, University. 2021. — 18 p. — Access mode: https://www.prisonstudies.org/sites/default/files/resources/downloads/world_prison_population_list_13th_edition.pdf
- 4 Индекс преступности по странам, середина 2025 г. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа https://www.numbeo.com/crime/rankings_by_country.jsp?title=2025-mid&displayColumn=0
- 5 PRISON. Evidence of its use and over-use from around the world. — [Electronic resource]. — Access mode: https://www.prisonstudies.org/sites/default/files/resources/downloads/global_imprisonment_web2c.pdf
- 6 Рахимбердин К.Х. Сравнительный анализ Уголовно-исполнительного кодекса Республики Казахстан и Минимальных стандартных правил обращения с заключенными: защита осужденных от пыток и жестокого обращения в местах лишения свободы [Электронный ресурс] / К.Х. Рахимбердин. Алматы, 2021. — 40 с. — Режим доступа https://bureau.kz/wp-content/uploads/2021/06/uik_mandela.pdf
- 7 Helen Fair1 and Roy Walmsley. World Prison Population List thirteenth edition. — *World Prison Brief*. April 2024. — [Electronic resource]. — Access mode: https://www.prisonstudies.org/sites/default/files/resources/downloads/world_prison_population_list_14th_edition.pdf
- 8 В мировом рейтинге по количеству заключенных Казахстан занимает 100 место. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа <https://www.gov.kz/memleket/entities/ps/press/news/details/110743?lang=ru>
- 9 Қасенов Ә. Қазақстанда түрме инфрақұрылымын жақсарту бойынша қандай іс-шаралар жүзеге асырылуда [Электрондық ресурс] / Ә. Қасенов. — 2025. — Қол жеткізу режимі <https://kaztag.kz/ru/news/aza-standa-t-rme-infraylymyn-zha-sartu-boyyynsha-anday-is-sharalar-zh-zege-asyryluda>
- 10 Aebi M.F. SPACE I — Council of Europe Annual Penal Statistics: Prison Populations. Survey 2020 / M.F. Aebi, M.M. Tiago. — Strasbourg: Council of Europe, 2021. — 156 p. — [Electronic resource]. — Access mode: https://wp.unil.ch/space/files/2021/04/210330_FinalReport_SPACE_I_2020.pdf
- 11 Aebi M.F. Prisons and Prisoners in Europe 2024: Key Findings of the SPACE I survey. Series UNILCRIM 2024/2. / M.F. Aebi, E. Cocco. — Strasbourg: University of Lausanne, 2025. — 75 p. — [Electronic resource]. — Access mode: https://wp.unil.ch/space/files/2025/07/250715_key-findings-space-i_prisons-europe-2024_full.pdf
- 12 Penal Reform International; Thailand Institute of Justice. Global Prison Trends 2025. — [Electronic resource]. — Access mode: https://cdn.penalreform.org/wp-content/uploads/2025/05/PRI_Global-prison-trends-2025.pdf
- 13 Prison Statistics. — [Electronic resource]. — Access mode: <https://data.tuik.gov.tr/Bulten/Index?p=Prison-Statistics-2020-37202>
- 14 Исибаева Е.И. Пробация қызметінің бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың әлеуметтенуіне ықпалы / Е.И. Исибаева // Qazaqstan Respublikasy Zańnama jáne ququqtuq aqparat institútynyń Jarshysy. Gylumi-ququqtuq jýrnal. — 2024. — № 1(76). — Б. 164–173.
- 15 Turlayev A.V. Human rights to protection from torture and other cruel, inhuman or degrading treatment or punishment [Electronic resource] / A.V. Turlayev, N.S. Akhmetova // Bulletin of the Karagandy University. Law Series. — 2025. — No 3(119). — P. 59–69. — Access mode: <https://law-vestnik.buketov.edu.kz/index.php/law/article/view/915/617>
- 16 Bähr A. Alternatives to imprisonment: opportunities and problems in Germany [Electronic resource] / A. Bähr, A. Hartmann, F. Steengrafe // Rivista di Criminologia, Vittimologia e Sicurezza. — 2016. — Vol. X, No 3. — P. 28–42. — Access mode: https://www.vittimologia.it/rivista/articolo_bahr-et-al_2016-03.pdf
- 17 Dünkel F. Rechtstatsächliche Analysen, aktuelle Entwicklungen und Problemlagen des Strafvollzugs in Deutschland [Electronic resource] / F. Dünkel, B. Geng, C. Morgenstern // Bundeszentrale für politische Bildung. — 2014. — 25 p. — Zugriffsmodus. Access mode: <https://www.bpb.de/system/files/pdf/5P6XI7.pdf>

Н.К. Жаксыбеков, А.Ж. Абдижами

Правовые основы исполнения наказания в виде лишения свободы и снижения численности осужденных в учреждениях уголовно-исполнительной системы Казахстана

В концепции исполнения наказаний Республики Казахстан лишение свободы определяется как наиболее часто применяемый вид наказания. Этот вид наказания одновременно служит средством обеспечения безопасности и защиты прав человека от преступных посягательств, а также является правовым механизмом, предотвращающим нарушения прав самих осужденных. Целью статьи является анализ нормативных основ правового совершенствования деятельности учреждений, исполняющих наказание в виде лишения свободы в Казахстане, а также изучение возможностей снижения нагрузки на органы уголовно-исполнительной системы в целях улучшения правового положения лиц, отбывающих наказание. Применение системно-структурных методов позволило проанализировать позицию государства и основы защиты прав человека в рассматриваемой сфере. С помощью статистико-правовых методов были получены официальные данные о количестве осужденных к лишению свободы и заполненности пенитенциарных учреждений. Сравнительно-правовой метод применялся при анализе регулирования наказания в виде лишения свободы в законодательстве ряда зарубежных стран (Турция, Германия и др.). При исполнении назначенного судом наказания в виде лишения свободы перенаселенность мест лишения свободы может оказать негативное влияние на условия содержания осужденных, обеспечение прав человека, на обоснованность и эффективность применения наказания. В результате проведенного исследования, а также анализа позитивной практики содержания осужденных в местах лишения свободы в ряде зарубежных государств, обосновывается вывод о том, что перенаселенность учреждений и ненадлежащие условия содержания негативно влияют на эффективность применения наказания, порождая системные проблемы функционирования пенитенциарной системы.

Ключевые слова: лишение свободы, наказание, осужденные, условия содержания, тюремные реформы, пенитенциарные учреждения, сокращение числа осужденных.

N.K. Zhaksybekov, A.Zh. Abdizhami

The legal basis for the execution of imprisonment sentences and the reduction of the number of convicted persons in the penal institutions of Kazakhstan

In the Concept for the Execution of Sentences of the Republic of Kazakhstan, imprisonment is defined as the most frequently applied form of criminal punishment. This type of punishment serves both as a means of ensuring public security and protecting human rights from criminal encroachments, and as a legal mechanism aimed at preventing violations of the rights of convicted persons. The purpose of this article is to analyze the regulatory framework governing the improvement of institutions responsible for executing sentences of imprisonment in Kazakhstan, as well as to assess the possibilities for reducing the workload of penal enforcement bodies in order to enhance the legal status of persons serving sentences. Systemic and structural methods were applied to examine the state's position and the foundations of human rights protection in this field. Statistical and legal methods were used to analyze official data on the number of persons sentenced to imprisonment and the occupancy rates of penitentiary institutions. A comparative legal analysis was conducted based on the legislation of several foreign countries, including Turkey and Germany. The study concludes that overcrowding and inadequate conditions of detention negatively affect the effectiveness of imprisonment and create systemic problems in the functioning of the penitentiary system.

Keywords: deprivation of liberty, punishment, convicts, conditions of detention, prison reforms, penitentiary institutions, reduction of the number of convicts.

References

- 1 Soyle, A., & Fair, H. (2018). A Human Rights Approach to Prison Management: Handbook for Prison Staff. 3rd ed. London: Institute for Criminal Policy Research (ICPR), Birkbeck, University of London. www.prisonstudies.org. Retrieved from https://www.prisonstudies.org/sites/default/files/resources/downloads/handbook_3rd_ed_english_v5_web.pdf.
- 2 The Ten-country Prison Project. www.prisonstudies.org. Retrieved from https://www.prisonstudies.org/research-publications?shs_term_node_tid_depth=27.
- 3 Fair, H., & Walmsley, R. (2021). World Prison Population List. Thirteenth edition. London: Institute for Crime & Justice Policy Research (ICPR), Birkbeck, University. [prisonstudies.org](http://www.prisonstudies.org). Retrieved from https://www.prisonstudies.org/sites/default/files/resources/downloads/world_prison_population_list_13th_edition.pdf.
- 4 Индекс преступности по странам, середина 2025 г. [Crime Index by Country 2025 Mid-Year]. www.numbeo.com. Retrieved from https://www.numbeo.com/crime/rankings_by_country.jsp?title=2025-mid&displayColumn=0 [in Russian].

- 5 PRISON. Evidence of its use and over-use from around the world. *www.prisonstudies.org* Retrieved from https://www.prisonstudies.org/sites/default/files/resources/downloads/global_imprisonment_web2c.pdf
- 6 Rahimberdin, K.H. (2021). Sravnitelnyi analiz Ugolovno-ispolnitelnogo kodeksa Respubliki Kazakhstan i Minimalnykh standartnykh pravil obrasheniia s zakliuchennymi: zachita osuzhdennykh ot pytok i zhestokogo obrasheniia v mestakh lisheniia svobody [Comparative Analysis of the Criminal Executive Code of the Republic of Kazakhstan and the United Nations Standard Minimum Rules for the Treatment of Prisoners: Protection of Prisoners from Torture and Ill-Treatment in Places of Deprivation of Liberty]. *bureau.kz*. Retrieved from https://bureau.kz/wp-content/uploads/2021/06/uik_mandela.pdf [in Russian].
- 7 Fairl, H. & Walmsley, R. World Prison Population List thirteenth edition. World Prison Brief. April 2024. Retrieved from https://www.prisonstudies.org/sites/default/files/resources/downloads/world_prison_population_list_14th_edition.pdf.
- 8 V mirovom reitinge po kolichestvu zakliuchennykh Kazakhstan zanimaet 100 mesto [In the global ranking by number of prisoners, Kazakhstan ranks 100th.] *www.gov.kz*. Retrieved from <https://www.gov.kz/memleket/entities/ps/press/news/details/110743?lang=ru> [in Russian].
- 9 Kasenov, A. (2025). Qazaqstanda turme infraqurylymyn zhaqsartu boiynsha qandai is-sharalar zhuzege asyryluda [What measures are being implemented in Kazakhstan to improve prison infrastructure?]. *kaztag.kz*. Retrieved from <https://kaztag.kz/ru/news/aza-standa-t-rme-infra-rylymyn-zha-sartu-boiynsha-anday-is-sharalar-zh-zege-asyryluda> [in Kazakh].
- 10 Aebi, M.F., & Tiago, M.M. (2021). SPACE I — Council of Europe Annual Penal Statistics: Prison Populations. Survey 2020. Strasbourg: Council of Europe. *wp.unil.ch/space*. Retrieved from https://wp.unil.ch/space/files/2021/04/210330_FinalReport_SPACE_I_2020.pdf.
- 11 Aebi, M.F., & Cocco, E. (2025). Prisons and Prisoners in Europe 2024: Key Findings of the SPACE I survey. Series UNILCRIM 2024/2. Strasbourg: University of Lausanne. *wp.unil.ch/space*. Retrieved from https://wp.unil.ch/space/files/2025/07/250715_key-findings-space-i-prisons-europe-2024_full.pdf.
- 12 Penal Reform International; Thailand Institute of Justice. Global Prison Trends 2025. *cdn.penalreform.org*. Retrieved from https://cdn.penalreform.org/wp-content/uploads/2025/05/PRI_Global-prison-trends-2025.pdf.
- 13 Prison Statistics. *data.tuik.gov*. Retrieved from <https://data.tuik.gov.tr/Bulten/Index?p=Prison-Statistics-2020-37202>.
- 14 Isibaeva, E.I. (2024). Probatsiia qyzmetinin bas bostandyqynan айру орындарынан босатылған адамдардын aleumettenuine yqpaly [The Impact of Probation Services on the Social Reintegration of Individuals Released from Prisons]. *Qazaqstan Respublikasy Zaiınnama jáne quqyqtyq aqparat instıtútynyń Jarshysy. Gylymi-quqyqtyq jýrnal — Bulletin of the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan, Jarshysy. Scientific and Legal Journal*, 1(76), 164–173 [in Kazakh].
- 15 Turlyayev, A.V., & Akhmetova, N.S. (2025). Human rights to protection from torture and other cruel, inhuman or degrading treatment or punishment. *Bulletin of the Karagandy University. Law Series*, 3(119), 59–69. Retrieved from <https://law-vestnik.buketov.edu.kz/index.php/law/article/view/915/617> [in Russian].
- 16 Bähr, A., Hartmann, A., & Steengrafe, F. (2016). Alternatives to imprisonment: opportunities and problems in Germany. *Rivista di Criminologia, Vittimologia e Sicurezza*, X, 3, 28–42. Retrieved from https://www.vittimologia.it/rivista/articolo_bahr-et-al_2016-03.pdf.
- 17 Dünkel, F., Geng, B., & Morgenstern, C. (2014). Rechtstatsächliche Analysen, aktuelle Entwicklungen und Problemlagen des Strafvollzugs in Deutschland [Legal and factual analyses, current developments and problems in the penal system in Germany]. *Bundeszentrale für politische Bildung*, 25. Retrieved from <https://www.bpb.de/system/files/pdf/5P6XI7.pdf> [in German].

Авторлар туралы мәліметтер

Жаксыбеков Нурлан Кенжеевич — заң ғылымдарының магистрі, Темиртау техникалық колледжінің директоры, Темиртау, Қазақстан; e-mail: 2859005@mail.ru

Әбдіжәми Айтуған Жұмахметқызы — заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының меңгерушісі, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан; e-mail: abdizhami_a@inbox.ru.

Information about the authors

Zhaksybekov Nurlan Kenzheevich — Master of Law, Director, Temirtau Technical College, Temirtau, Kazakhstan; e-mail: 2859005@mail.ru

Abdizhami Aitugan Zhumakhmetovna — Candidate of Law, Associate Professor, Head of the Department of Civil and Labor Law, Karaganda National Research University named after academician Ye.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan; e-mail: abdizhami_a@inbox.ru